

## ӘКЕ – ТӘРБИЕ САҢЛАҒЫ



**«Әкелер мектебі» аясында бөбекжайымызда бөбекжайішілік ата-аналармен бөбекжай ынтымақтастығын нығайту мақсатында өткізілген «Әке – тәрбие саңлағы» атты дөңгелек үстел өтті.**

Дөңгелек үстелді бөбекжай психологі Салтанат Төлеуова жүргізе отырып, қатысушы ата-аналарға бала тәрбиесінде әкенің орны ерекше екендігін, бала мен ата-ана арасындағы жақсы қарым-қатынас орнату қалай жүзеге асатыны туралы толығырақ мағлұмат беріп, сөз қозғады.

Отырысқа бөбекжай бүлдіршіндерінің аталары,

әкелері келіп, белсене қатысып, өз ойларымен бөлісті. Бала тәрбиесі жайлы пікірталас, сұрақ-жауаптар болды.

Бөбекжай мамандары ұлттық құндылықтарды дөріптеу барысында «Шертпек», «Бәйге», «Оқтау тартыс» ойындарын әкелермен бірге ойнап, отырыс соңында Асқар Қосшыбеков ағамыз баянмен ән шырқады.

Шараға қатысқан әкелерге бөбекжай директоры Зина Исмадинқызы жүрек жарды тілегін айтып, алғыс хат табыстады.

Отбасымыздың тірегі, қамқоршысы болған әкелеріміз әрқашан болсын.

**Гаухар СМАҒҰЛОВА,**  
«Бөбек» бөбекжайының дене шынықтыру маманы.